

## Агроөнеркәсіп кешенінде бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйе құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 желтоқсан N 1815.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.30. N 1627 қаулысымен. ~P001627

Саланы тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өндірісі субъектілерінің рыноктың барлық инфрақұрылымымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Агроөнеркәсіп кешенінде бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйе (бұдан әрі - жүйе) құруға арналған тендер жариялансын.

### 2. Жүйенің міндеттері:

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша агроөнеркәсіп кешенінің, оның материалдық-техникалық базасының тұқыммен, тыңайтқыштармен, улы химикаттармен, жанар-жағармай материалдармен қамтамасыз етуінің жай-күйі туралы ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау;

ауыл шаруашылығы өнімі әлемдік рыногының жай-күйі туралы ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау;

ақпаратты талдамалық өңдеу, болжамдар, ұсынымдар жасау және т.б.;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша және әлемдік ақпараттық желілерде талдамалық, баға және өзге де ақпаратты тарату болып табылады деп айқындалсын.

### 3. Жүйе:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және тауар биржаларының жергілікті желілерін бірыңғай желіге біріктіруді;

ақпаратты құпиялық және қол жеткізу дәрежесі бойынша:

құпия - мемлекеттік органдар мен корпоративтік желі мүшелерінің қолы жететін;

ақылы - жекелеген келісімдер бойынша ақы төлей отырып кең түрде пайдаланылатын;

еркін - Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның шегінен

тысқары жерлердегі ақпараттық желінің ашық арналары арқылы қол жеткізетін деп бөлуді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жеке шарттар бойынша мемлекеттік құрылымдар желілерін ақпараттық базаларға

қосуды;

Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешені субъектілерін корпоративтік желіге қосуды;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ақпарат жинауды және оны жүйенің орталық торабына жеткізуді;

әлемдік ақпараттық жүйелермен тұрақты байланысты қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

4. Ақпараттық-маркетингтік жүйе:

бағдарламалық - математикалық қамтамасыз етуді;

телекоммуникациялық желіні;

банк мекемелерімен бағдарламалық байланысты қамтиды деп белгіленсін.

5. Тендерге берілетін ұсыныстар жүйенің міндеттерін кешенді шешуді қамтамасыз етуі тиіс.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

тендерді өткізудің талаптары мен шарттарын әзірлеу тапсырылсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесе отырып құрылатын жүйені тендерде жеңіп шыққан ұйымның қаражатын барынша тарта отырып, қаржыландыру көздерін белгілесін.

Ақпараттық-маркетингтік жүйенің ұйымдастырушысы мемлекет тарапынан салынған қаражатты қайтару шартымен, оның меншік иесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі